

Ерейментау ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 5 мамырдағы № а-5/135 "Ерейментау ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 18 қарашадағы № а-11/300 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 19 қарашада № 8853 -03 болып тіркелді

Ерейментау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ерейментау ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" Ерейментау ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 5 мамырдағы № а-5/135 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28042 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

""Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Ерейментау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ерейментау ауданының әкімі

Н.Мукатов